



Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурс және "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсы туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы N 194 Жарлығы.

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2009.07.02 N 841 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз), 2010.06.23 № 1012 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Жарлықтарымен.

	"Президент пен Үкімет актілерінің жинағында" және республикалық баспасөзде жариялануға тиіс
--	--

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Жыл сайынғы Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурсын және "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсын өткізу белгіленсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2009.07.02 N 841 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз), 2010.06.23 № 1012 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Жарлықтарымен.

2. Осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығының лауреаты атағын және "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсының дипломанты атағын беру жөніндегі комиссия құрылсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2009.07.02 N 841 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз), 2010.06.23 № 1012 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Жарлықтарымен.

3. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурсты өткізу және лауреаттар атағын беру ережелері;

2) Алынып тасталды - ҚР Президентінің 2009.07.02 N 841 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Жарлығымен;

2-1) "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсын өткізу және дипломант атағын беру ережесі;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығының лауреаты атағын және "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсының дипломанты атағын беру жөніндегі комиссия туралы ереже бекітілсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2009.07.02 N 841 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз), 2010.06.23 № 1012 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Жарлықтарымен.

4. Алынып тасталды - ҚР Президентінің 2009.07.02 N 841 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Жарлығымен.

4-1. Алып тасталды - ҚР Президентінің 2014.12.10 № 977 (2015.01.01 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурсқа қатысушылардың материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау ережелерін;

2) Алынып тасталды - ҚР Президентінің 2009.07.02 N 841 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Жарлығымен;

3) "Қазақстанның үздік тауары" өңірлік және республикалық көрме-конкурстарына ұсынылатын материалдар мен өнімді ресімдеу, ұсыну және алдын ала сараптамалық бағалау ережесін әзірлесін және бекітсін.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2009.07.02 N 841 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз), 2010.06.23 № 1012 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Жарлықтарымен.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықты іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.

7. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

8. Осы Жарлық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2006 жылғы 9 қазандағы
№ 194 Жарлығына
қосымша

Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығының лауреаты атағын және " Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсының дипломанты атағын беру жөніндегі комиссияның ҚҰРАМЫ

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2014.12.10 № 977 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2017 № 588 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен

Қазақстан Республикасы

Президенті Әкімшілігінің Басшысы - төраға

Қазақстан Республикасы

Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма

төрағасы (келісім бойынша) - төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасы Ұлттық

кәсіпкерлер палатасының департамент

директоры (келісім бойынша) - хатшы

Комиссия мүшелері:

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі

"Қазақстан машина жасаушылар одағы" заңды тұлғалар бірлестігінің басқарма төрағасы (келісім бойынша)

"Қазақстан тауар өндірушілері мен экспорттаушылар одағы" республикалық заңды тұлғалар бірлестігінің вице-президенті" (келісім бойынша)

"Қазақстанның құрылыс салушылар қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің президенті (келісім бойынша)

"Қазақстан астық одағы" заңды тұлғалар бірлестігінің президенті (келісім бойынша)

"Қазақстанның тағам кәсіпорындары одағы" заңды тұлғалар бірлестігінің президенті (келісім бойынша)

"Қазақстан сүт одағы" қоғамдық бірлестігі басқармасының тең төрағасы (келісім бойынша)

"Тау-кен өндіруші және тау-кен металлургиялық кәсіпорындардың республикалық қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің атқарушы директоры (келісім бойынша)

"KAZENERGY" мұнай-газ және энергетикалық кешен ұйымдарының қазақстандық қауымдастығының төрағасы (келісім бойынша)

"Тұтынушылардың ұлттық лигасы" республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті (келісім бойынша)

"Қазақстан құс шаруашылығы одағы" заңды тұлғалар бірлестігінің президенті (келісім бойынша)

"Қазақстанның картоп өсірушілері мен көкөніс өсірушілері қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)

	Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы № 194 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН
--	---

Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурс өткізу және лауреат атағын беру ҚАҒИДАЛАРЫ

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 24.11.2017 № 588 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығы (бұдан әрі – сыйлық) өнімнің және/немесе көрсетілетін қызметтердің сапасы саласында ұйымның елеулі нәтижелерге қол жеткізгені үшін, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз еткені, сондай-ақ ұйымның сапаны басқарудың тиімділігі жоғары әдістерін енгізгені үшін конкурстық негізде жыл сайын беріледі.

Сыйлық лауреат атағына ие болған конкурсқа қатысушыларға конкурстың эмблемасын, лауреаттар дипломдарын және ақшалай сыйақыны беруді көздейді.

Ақшалай сыйақы мөлшері 450 (төрт жүз елу) айлық есептік көрсеткішті құрайды.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығының лауреаты атағын және "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсының дипломанты атағын беру жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген төрт номинациядағы үш санат бойынша жыл сайын сыйлықтар береді.

Сыйлық лауреаты атағы Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурстың (бұдан әрі – конкурс) жеңімпаздарына Комиссия шешімінің негізінде беріледі.

3. Сыйлық алуға арналған конкурсты ұйымдастыру тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат есебінен және оның шегінде жүзеге асырылады.

4. Сыйлық алуға Қазақстан Республикасының аумағында тауарлар өндірумен (қару-жарақ пен әскери техника өндіруді қоспағанда), қызметтер көрсетумен айналысатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар (бұдан әрі – конкурсқа қатысушылар) үміткер бола алады.

Мемлекеттің қатысу үлесі 50%-дан асатын ұйымдар, сондай-ақ өздеріне қатысты оңалту және банкроттық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген рәсімдерді жүзеге асыру туралы шешімдер белгіленген тәртіппен қабылданған ұйымдар конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

5. Конкурсқа қатысушылар Комиссияға кемінде үш жыл кезеңде шығарылатын өнімнің немесе көрсетілетін қызметтің жоғары сапасын растауға тиіс.

Ұйымдар конкурсқа мынадай номинациялар бойынша қатысады:

- 1) "Өндірістік мақсаттағы үздік кәсіпорын";
- 2) "Халық тұтынатын тауарларды шығаратын үздік кәсіпорын";
- 3) "Қызметтер көрсететін үздік кәсіпорын";
- 4) "Азық-түлік тауарларын және/немесе ауыл шаруашылығы өнімдерін шығаратын үздік кәсіпорын".

Әр номинацияда мынадай санаттар бойынша үш сыйлық беріледі:

- 1) шағын кәсіпкерлік субъектісі;
- 2) орта кәсіпкерлік субъектісі;
- 3) ірі кәсіпкерлік субъектісі.

Конкурста "Үздік индустриялық жоба", "Үздік инновациялық жоба" арнайы сыйлықтары тағайындалады.

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы сыйлық алуға арналған конкурсты ұйымдастырушы (бұдан әрі – конкурсты ұйымдастырушы) болып табылады.

7. Сыйлықты белгілі бір номинацияда алғаннан кейін төрт жыл бойы оны алуға қайта ұсынуға жол берілмейді.

8. Конкурсты ұйымдастырушы жыл сайын ағымдағы жылғы ақпанда осы конкурсты өткізу туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлайды.

9. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген ұйымдар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурсқа қатысушылардың материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау қағидаларына сәйкес материалдарды ресімдейді және конкурсты ұйымдастырушыға береді.

10. Конкурс төрт кезеңмен өткізіледі:

1) бірінші кезеңде конкурсты ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдауды және материалдарды алдын ала бағалауды жүзеге асырады;

2) екінші кезеңде конкурсты ұйымдастырушы конкурсқа қатысушылардың материалдарын және осы материалдар бойынша алдын ала қорытындыны республикалық конкурсты ұйымдастырушының шешімімен құрылған сараптамалық топтың қарауына береді. Республикалық конкурсты ұйымдастырушының шешімімен құрылған сараптамалық топ конкурстың үшінші кезеңіне қатысу үшін конкурс финалистерін (төрт номинацияда үш санаттан үшеу және арнайы сыйлықта екі-екіден) айқындайды;

3) үшінші кезеңде республикалық конкурсты ұйымдастырушының шешімімен құрылған сараптамалық топ кәсіпорындарға барып финалистерді бағалауды жүргізеді;

4) төртінші кезеңде конкурсты ұйымдастырушы жергілікті жерлерде материалдарды сараптамалық бағалау және сараптау нәтижелерімен бірге конкурс финалистерінің (төрт номинацияда үш санаттан үшеу және арнайы сыйлықта екі-екіден) материалдарын Комиссияның қарауына ұсынады. Комиссия ұсынылған материалдардың негізінде жеңімпаздарды айқындайды және конкурсқа қатысушыларға сыйлық лауреаттары атағын беру туралы шешім қабылдайды.

11. Сыйлық лауреаты атағына ие болған конкурсқа қатысушыларға тиісті диплом, конкурстың эмблемасы және ақшалай сыйақы табыс етіледі.

12. Конкурс жеңімпаздарын марапаттау рәсімі жыл сайын салтанатты түрде өткізіледі. Конкурс жеңімпаздарын марапаттау рәсімін өткізу күні мен орны Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігімен келісу бойынша айқындалады.

13. Сыйлық лауреаттары атағына ие болған конкурсқа қатысушылардың тізімі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

14. Сыйлық лауреаттары атағына ие болған конкурсқа қатысушылар сыйлық берілгеннен кейін төрт жыл бойы сыйлық эмблемасын жарнамалық мақсатта пайдалану құқығын алады.

	Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы № 194 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН
--	---

**"Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсын өткізу және дипломант атағын беру
ҚАҒИДАЛАРЫ**

Ескерту. Жарлық ережемен толықтырылды - ҚР Президентінің 2010.06.23 № 1012 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз); жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 24.11.2017 № 588 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсын (бұдан әрі – конкурс) ұйымдастырушы (бұдан әрі – конкурсты ұйымдастырушы) болып табылады, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың кәсіпкерлер палаталары "Қазақстанның үздік тауары" өңірлік көрме-конкурстарын ұйымдастырушылар (бұдан әрі – өңірлік конкурстарды ұйымдастырушылар) болып табылады. Конкурс ұйымдастыру тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат есебінен және оның шегінде жүзеге асырылады. "Қазақстанның үздік тауары" өңірлік көрме-конкурстарын ұйымдастыру облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астана әкімдіктерінің жергілікті бюджеттері қаражаты есебінен және оның шегінде жүзеге асырылады.

2. Конкурстың негізгі мақсаттары:

1) жеке және заңды тұлғалардың отандық өнімнің сапасын арттыруға бағытталған қызметін жандандыру;

2) Қазақстан нарығын жоғары сапалы және бәсекеге қабілетті өніммен толықтыруға жәрдемдесу ;

3) отандық және халықаралық стандарттар негізінде сапаны басқару мен қамтамасыз етудің қазіргі заманғы әдістерін кеңінен енгізуге алғышарттар жасау және оған жәрдемдесу;

4) сапа проблемаларын шешу қажеттілігіне өнеркәсіптік, коммерциялық және қоғамдық ұйымдардың назарын аудару;

5) халық арасында сапа идеясын насихаттау болып табылады.

3. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының аумағында өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларын және өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдер өндіруді жүзеге асыратын;

2) өнім сапасының тұрақты жоғары деңгейін және оны жүйелі түрде жақсартуды қамтамасыз ету жөнінде конкурсты ұйымдастырушы растаған оң нәтижелері бар дара кәсіпкер немесе заңды тұлға конкурсқа қатысушылар бола алады.

4. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген заңды тұлға немесе дара кәсіпкер Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін "Қазақстанның үздік тауары" өңірлік және республикалық көрме-конкурстарына ұсынылатын материалдар мен өнімді ресімдеу, беру және алдын ала сараптамалық бағалау қағидаларына сәйкес материалдарды ресімдейді және конкурсты ұйымдастырушыға береді.

5. Конкурс мынадай үш номинация бойынша жүргізіледі:

1) "Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар";

2) "Халыққа арналған үздік тауарлар";

3) "Үздік азық-түлік тауарлары".

Әр номинацияда үш жеңімпаз айқындалады.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығының лауреаты атағын және "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсының дипломанты атағын беру жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) шешімімен бекітілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес өткізіледі және төрт кезеңмен жүзеге асырылады:

1) бірінші кезеңде конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдау, материалдар мен өнімдерді сараптамалық бағалау жүзеге асырылады. Өңірлік конкурстарды ұйымдастырушылардың шешімімен құрылған сараптамалық топ өңірлік конкурстардың 9 жеңімпазын айқындайды.

Өңірлік конкурстарды ұйымдастырушылар республикалық конкурсты ұйымдастырушыға өңірлік конкурс жеңімпаздарының қажетті құжаттарын жібереді.

Өңірлік конкурстардың жеңімпаздары республикалық конкурсқа қатысады;

2) екінші кезеңде материалдар мен өнімдерді сараптамалық бағалау республикалық деңгейде жүзеге асырылады. Республикалық конкурсты ұйымдастырушының шешімімен құрылған сараптамалық топ үш номинация бойынша 27 финалисті айқындайды;

3) үшінші кезеңде 27 финалист онлайн-дауыс беруге қатысады;

4) төртінші кезеңде республикалық конкурсты ұйымдастырушы 27 финалистің материалдарын алдын ала қорытындыларымен және онлайн-дауыс беру нәтижелерімен бірге Комиссияның қарауына ұсынады (әр номинацияда үш финалистен).

Комиссия ұсынылған материалдар негізінде 9 конкурсқа қатысушыға "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсы дипломанты (бұдан әрі – конкурс дипломанттары) атағын беру туралы шешім қабылдайды.

Алдын ала қорытындының нәтижелері бойынша балл тепе-тең түскен жағдайда, жеңімпаз онлайн-дауыс беру арқылы айқындалады.

7. Конкурс дипломанттары "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсының эмблемасымен және дипломымен марапатталады.

8. Конкурс дипломанттарының тізімі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

9. Конкурс дипломанттары конкурстың эмблемасын жарнамалық мақсатта төрт жыл бойы пайдалану құқығын алады.

	Қазақстан Республикасы
	Президентінің
	2006 жылғы 9 қазанындағы
	N 194 Жарлығымен
	БЕКІТІЛГЕН

"Алтын сапа" республикалық көрме-конкурсын өткізу және дипломант атағын беру ЕРЕЖЕЛЕРІ

Ескерту. Алынып тасталды - ҚР Президентінің 2009.07.02 N 841 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Жарлығымен

	Қазақстан Республикасы
	Президентінің
	2006 жылғы 9 қазанындағы
	N 194 Жарлығымен
	БЕКІТІЛГЕН

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "конкурстар", "конкурстарға", "конкурстардың", "конкурстарды" деген сөздер тиісінше "конкурс", "конкурсқа", "конкурстың", "конкурсты" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Президентінің 2009.07.02 N 841 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Жарлығымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "конкурс", "конкурсқа", "конкурстың" және "конкурсты" деген сөздермен тиісінше "конкурстар", "конкурстарға", "конкурстардың" және "конкурстарды" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Президентінің 2010.06.23 № 1012 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығының лауреаты атағын және "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсының дипломанты атағын беру жөніндегі комиссия туралы ЕРЕЖЕ

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2010.06.23 № 1012 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Жарлығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығының лауреаты атағын және "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсының дипломанты атағын беру жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативті-кенесші орган болып табылады және мемлекеттік басқару органдарының басшыларынан, сапаны басқару саласындағы жетекші мамандардан, қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен құралады.

Комиссияның құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2008.12.12 N 688, 2009.07.02 N 841 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз), 2010.06.23 № 1012 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Жарлықтарымен.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның міндеттері мен құқықтары

3. Комиссияның міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын және "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсының дипломанты атағын алуға арналған конкурстарға (бұдан әрі - конкурстар) қатысу үшін өтінімдер берген қатысушылардың материалдарын қарау;

2) конкурстарға қатысушыларға баға беру және үміткерлерді іріктеу;

3) конкурстардың лауреаттарын және дипломанттарын анықтау.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2009.07.02 N 841 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз), 2010.06.23 № 1012 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Жарлықтарымен.

4. Комиссия өз міндеттеріне сәйкес:

1) мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасасуға;

2) Комиссияның жұмыс органынан Комиссия міндеттерін іске асыру үшін қажетті қосымша материалдарды сұратуға және алуға;

3) Комиссияға жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құқықтарға ие.

3. Комиссия қызметін ұйымдастыру

5. Комиссияның құрамына:

1) Комиссия төрағасы;

2) Комиссия төрағасының орынбасары;

3) Комиссия хатшысы;

4) Комиссия мүшелері кіреді.

6. Комиссия төрағасы оның қызметін басқарады, отырыстарға төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады. Комиссия төрағасы болмаған кезде оның функцияларын орынбасары орындайды.

Эмблемалардың нысандарын және конкурстардың дипломдарын сипаттамаларымен қоса Комиссия төрағасы бекітеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Президентінің 24.11.2017 № 588 Жарлығымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

7. Комиссияның хатшысы жұмыс органы дайындаған құжаттар мен материалдарды Комиссияның мүшелеріне қарауға ұсынады.

8. Комиссияның жұмыс органы болып табылатын Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына мынадай функциялар жүктеледі:

- 1) конкурстардың өткізілу мерзімі мен шарттары туралы бұқаралық ақпарат құралдары және жұмыс органының ресми веб-сайты арқылы хабарлау;
- 2) конкурстарға қатысушылардан келіп түсетін материалдарды қабылдау және конкурстарға одан әрі қатысу үшін ұйымдарды іріктеу;
- 3) сапа менеджменті жүйелерін сертификаттау жөніндегі сарапшы-аудиторлар мен тиісті білім саласындағы мамандарды, сондай-ақ құрылатын сараптамалық топтарды тарта отырып, келіп түскен материалдарды сараптауды қоса алғанда, оларды алдын ала қарау;
- 4) Комиссия отырыстарын дайындау және ұйымдастыру;
- 5) конкурстардың жеңімпаздарын марапаттау рәсімін ұйымдастыру;
- 6) конкурстар жеңімпаздарының тәжірибесін таратуға жәрдемдесу;
- 7) оқыту семинарларын және вебинарлар өткізу арқылы әлеуетті қатысушылар үшін конкурстар өлшемшарттары бойынша оқытуды ұйымдастыру;
- 8) сарапшылар тізілімін жүргізу;
- 9) конкурстарды ақпараттық сүйемелдеу және әлеуметтік желілерде сапа идеясын насихаттау;
- 10) өңірлік және республикалық конкурстардың сараптамалық топтарын құру;
- 11) кәсіпорындарға бару арқылы финалистерді бағалауды жүргізу.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2011.12.22 N 204, 2014.12.10 № 977 (2015.01.01 ж. бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2017 № 588 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

9. Комиссия жыл сайын конкурстарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі тиісті жылға арналған іс-шаралар жоспарын анықтайды және бекітеді.

10. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде жарты жылда бір рет өткізіледі. Комиссияның отырысы Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болып саналады.

11. Конкурстардың жеңімпаздарына атақ беру туралы түпкілікті шешім ашық дауыс беру жолымен қабылданады және егер ол үшін Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы берілсе, қабылданды деп саналады. Дауыстар тең бөлінген жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп саналады. Шешім отырыстың хаттамасымен ресімделеді және оған Комиссияның шешімі ресми басылымда жарияланады.

12. Конкурстардың жеңімпаздарына конкурстардың эмблемаларын және дипломдарын беру салтанатты жағдайда жүзеге асырылады. Конкурс жеңімпаздарына конкурстардың эмблемаларын және дипломдарын тапсыру күні және орны Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісім бойынша айқындалады.

Конкурстар материалдарында қамтылған және жергілікті жерлердегі сараптама барысында алынған ақпарат жасырын болып табылады және конкурсантты бағалаудан басқа өзге де мақсаттар үшін оның жазбаша келісімінсіз пайдаланылмайды.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2009.07.02 N 841 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз); 24.11.2017 № 588 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

13. Комиссияның қызметін тоқтату туралы шешімді Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды.